

Әбдіжаппар Мөлдір Бахтиярқызыmotti1099@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, ӘФФ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – Б. Капин

Қазіргі қоғамда өмір сапасы мәселесі бүкіл әлеуметтік-экономикалық жүйенің қарқынды дамуын қамтамасыз ететін маңызды фактор болып табылады. «Сапа» ұғымын көптеген ғылымдарды зерттеу объектісі болып табылатын күрделі көп өлшемді категория ретінде қарастыруға болады, сондай-ақ аталған ұғым философия, экономика, әлеуметтану және т.б. ғылым салаларында тұрақты қолданысқа ие. Батыс елдері әлеуметтану саласындағы бұл мәселені тікелей зерттеу ХХ ғасырдың 60-жылдарынан басталады. «Өмір сапасы» ұғымы алғашқы рет американдық экономист ғалым Дж. К. Галбрейттің «Молшылық қоғамы» еңбегінде қолданған. 1963 жылы АҚШ президенті Дж. Кеннеди американдық өмірдің сапасы жайында өзінің «Ұлт жағдайы туралы баяндамасында» атап өткен. Осылайша, «өмір сапасы» ұғымы ғылыми салаларда саяси лексикаға ауысты және әр саладағы ғылыми және практикалық ізденістерге түрткі болды. Шетелдік ғылыми әдебиеттердегі «өмір сапасы» санатының генезисін ескере отырып, үш кезеңді бөлуге болады, олардың әрқайсысының өзіндік әдіснамалық тәсілдері бар.

Бірінші кезең ХХ ғасырдың 50-60 жылдар аралығын қамтиды. Оны түпнұсқа деп атауға болады. Бұл кезеңде «өмір сапасы» ұғымы АҚШ-тағы өмір сүру деңгейінің әлеуметтік - тұрмыстық және әлеуметтік - мәдени аспектілерін сипаттау әрекеті түрінде пайда болады. Сол кезеңдегі американдық ғалымдардың пікірінше, өмір сапасы халыққа тауарлар мен қызметтерді, индустриалды қоғамның жетістіктерін тұтынуға мүмкіндік берді. Өмір сапасы стандарт, өмір салты сияқты категориялардың қиылысында қарастырылады және негізінен экономикалық көрсеткіштер арқылы көрінеді. Сонымен қатар, Дж.К. Галбрейт «өмір сапасын» адамның зияткерлік қажеттіліктерінің өсуімен алынған барлық әлеуметтік тауарлардың синонимі ретінде түсіндірді. Бұл тұрғыда «өмір сапасы» ұғымына еңбек жағдайлары, тұрғын үй жағдайлары және т. б. сияқты параметрлер ене бастады.

«Өмір сапасы» ұғымының қалыптасуының келесі екінші кезеңі 1966 жылы Р. Бауэрдің басшылығымен «әлеуметтік индикаторлар» ұжымдық монографиясының шығуына байланысты бастау алады. Бұл кезең өмір сапасын зерттеуде үш тәсілдің болуымен сипатталады: индикативті, футурологиялық және психологиялық.

Мәселені футурологиялық түсіну өмір сапасының көрсеткіштерін әзірлеуі және негіздеу әрекеттерінен және де өмір сапасының әлеуметтік компонентін одан әрі тереңрек зерттеуге деген ұмтылыстан туындайды. Американдық футуролог О. Тоффлер тұжырымдамасы бойынша, егер экономикада экономикалық тиімділікті анықтауға мүмкіндік беретін бірқатар индикаторлар болса, онда әлеуметтік салада осы қатынастардың сипатын анықтайтын «әлеуметтік индикаторлар» жоқ деп санайды. Тоффлердің пікірінше, «өмір сапасы» мәселесін үш аспекті бойынша анықтауға болады: экологиялық, экономикалық және әлеуметтік. Экологиялық аспект атмосфераның ластану дәрежесінде, көңіл-күйдің эстетикалық емес бұзылуында, халықтың тығыздығының жоғарылауында, атап кетердей, қоғам мен табиғат ластығы және т.б..

О. Тоффлер өмір сүру сапасын осы факторларға қарсы күресу және физикалық тіршілікті қалпына келтіруі арқылы жақсартуға болады деп санайды. Әлеуметтік аспектіде әлеуметтік субмәдениет «өмір сапасының» анықтаушысы болып табылады. Экономикалық тұрғыдан алғанда, халық қатарында «өмір сапасы» тұтынушының негізгі материалдық

қажеттіліктерін қанағаттандырудан тұтынушының сұлулыққа, беделдікке, даралануға және сенсорлық қатынастарға деген күрделі өзгертілген жеке қажеттіліктерін қанағаттандыруға көшу арқылы «өмір стандартымен» анықталады.

Жоғарыда аталған екі теориялық негіздемелерге логикалық толықтыру өмір сапасын түсінуге психологиялық көзқарас болды, яғни, атап айтқанда, адамның өмірлік мүдделері мен қажеттіліктерін түсінуі және қанағаттандыруы арқылы жүзеге асты. Жеке тұлға мен қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырудың психологиялық жағдайларын негіздейтін ең көрнекті өкілі – А. Маслоу қажеттіліктерді негізгі және туынды түрлерге бөлген. Маслоудың пайымдауынша, қажеттіліктер иерархиясы қағидаты бойынша «төменгі» - материалдық және «жоғары» – рухани деңгейде жүзеге асырылады:

- Адамдар саны көбеюінде, тамақ, тыныс алу, физикалық қозғалыстар, киім, тұрғын үй, демалыс және т. б. көрініс табатын жыныстық және физиологиялық қажеттіліктері;
- Қауіпсіздік пен болашаққа деген сенімділік қажеттілігі;
- Қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттесу, сүйіспеншілік пен қолдау сезімін білдіретін әлеуметтік қажеттіліктер;
- Құрмет, құзыреттілік, өзін-өзі бағалау, басқалардан тану қажеттіліктері;
- Қажеттілігін дамытады, айқын байқалатын қажеттіліктерін өзі әлеуетті мүмкіндіктерін және тұлғалық өсу.

Осылайша, ХХ ғасырдың 60-70 жылдары әлеуметтік категория ретінде «өмір сапасын» қалыптастырудың үш тәсілімен сипатталады: «әлеуметтік индикаторлар» жағынан, футурология жағынан және «бағалау технологиялары» жағынан. Ал «өмір сапасы» ұғымының үшінші кезеңі «концептуализация кезіңі» ретінде қалыптасты. Аталған кезеңде әлеуметтік – экономикалық ғылымның бүкіл бағытының одан әрі дамуын анықтайтын өмір сапасы категориясының тұжырымдамалық мәндегі келістер бар. Ал «өмір сапасы» ұғымының үшінші кезеңі «концептуализация кезіңі» ретінде қалыптасты. Аталған кезеңде әлеуметтік – экономикалық ғылымның бүкіл бағытының одан әрі дамуын анықтайтын өмір сапасы категориясының тұжырымдамалық мәндегі келістер бар. Өмір сапасының тұжырымдамалық негізін дамытуға Рим клубы үлкен үлес қосты, сонымен қатар, осы кезеңдегі ғылыми зерттеулердің мәнін анықтайтын негізгі еңбектер ретінде американдық Дж. Форрестердің «Әлемдік динамика» (1971ж.) және Д. Медоуздың «Өсу шегі» (1972ж.) туындыларын атап айтуға болады. Рим клубының жобаларында әлемнің маңызды ресурстарының жай-күйі немесе адамзат дамуының ықтимал баламаларын анықтау, дамудың жаһандық мақсаттарын ескере отырып бағдарламалар әзірлеу – өмір сапасы мәселесі жайында тақырыптар қозғалған.

Рим клубы «...Адам өмірінің сапалық жағын жақсарту құндылықтарды қайта бағалау және мәдени, моральдық-этикалық, гуманистік және т.б. даму императивтерін ашу негізінде әлеуметтік құрылымдар мен қатынастарды жетілдіруді қоса алғанда, әлемдік, қоғамдық, топтық және жеке қажеттіліктерді ескере отырып, өмірдің барлық жақтарын саналы, мақсатты жетілдіру арқылы жүзеге асырылуы керек» деген қорытынды тұжырымда болған.

Ал, Дж. Форрестер алғаш рет «өмір сапасын» ресімделген тұжырымдама түрінде ұсынды және алғаш рет «өмір сапасы» жаһандық модельдің жеке құрамдас бөлігі ретінде қолданысқа ұсынды. Дж. Форрестердің көзқарасы бойынша «өмір сапасы» – бұл «әлемдік жүйенің жұмыс істеу өлшемі» және ол келесідей көрсеткіштер жүйесімен анықталады: адамдардың толып кету деңгейі, қоршаған ортаның ластану деңгейі, тамақтану деңгейі және халықтың материалдық өмір сүру деңгейі.

Өмір сапасы көп өлшемді тұжырымдама ретінде әрекет етеді, оның ішінде халықтың өмір сүру деңгейін анықтайтын экономикалық және әлеуметтік-психологиялық көрсеткіштер, олар адамдардың өмір сүру жағдайларына қанағаттану дәрежесінде көрінеді. Оған сондай-ақ, еңбек нарығының жай-күйі, медициналық қызмет көрсету сапасы, негізгі әлеуметтік қызметтер, экологиялық аспект және т.б. сияқты маңызды компоненттер кіреді, сонымен қатар өмір сүру сапасы қоғамның барлық мүшелерінің өмірлік маңызды шешімдер

қабылдауда болуын және қоғам мен мемлекеттің жұмыс істеуінің әлеуметтік, экономикалық, саяси, құқықтық жағдайларында ұсынылатын мүмкіндіктерді пайдалануды көздейді.

Өмір сүру сапасының индексі деп – мемлекет халқының өмір сүру сапасының немесе әл-ауқатының өлшемін атаймыз. Индекс өз кезегінде үш статистикалық көрсеткіштің орташа мәнін білдіреді, олар: халық сауаттылығының базалық деңгейі, нәресте өлімі және бір жасқа дейінгі өмір сүру ұзақтығы.

Өмір сүру деңгейі мен сапасын бағалайтын көрсеткіштерді сандық және сапалық деп бөлуге болады:

- сандық құрамына жан басына шаққандағы ұлттық табыс, табыс деңгейі және оны қоғамда бөлу, тауарлар класы бойынша әртүрлі материалдық тауарлар мен қызметтерді тұтыну деңгейі, жұмыспен қамту деңгейі және т. б. жатады;

- өмір сапасының сапалық көрсеткіштеріне адамның еңбек, тұрмыс және бос уақыт жағдайларының көрсеткіштері кіреді.

Қазіргі уақытта халықтың өмір сүру сапасын бағалауға және әлем елдерінің бірыңғай рейтингін жасауға бірыңғай тәсіл жоқ. Қандай да бір дәрежеде, әртүрлі әдіснаманы қолдана отырып, БҰҰ – ның құрылымы, атап айтқанда ЮНЕСКО; Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы; Дүниежүзілік банк; ғылыми басылымдар, консалтингтік ұйымдар өмір сүру сапасын бағалайды. Өмір сапасының негізгі халықаралық индекстерін қарастыратын болсақ:

- Жыл сайын International living басылымы өмір сапасы бойынша әлемдік рейтинг жариялайды және ол мынадай критерийлер бойынша елдерді бағалайды: ең төмен күнкөріс деңгейі, мәдениет, экономика, қоршаған орта, бостандық, денсаулық, білім және сауаттылық, инфрақұрылым, қауіпсіздік және тәуекел, климат.

- Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) елдердің даму деңгейін экономикалық көрсеткіштердің дәстүрлі жиынтығы – жалпы ішкі өнім деңгейі (ЖІӨ), жұмыссыздық, инфляция және т.б. бойынша емес, интегралдық бойынша бағалауды ЭЫДҰ ұсынады – оны «өмір сапасын өлшеу индексі» деп атады. Бұл индекс 11 параметрден тұрады: тұрғын үй жағдайлары, кірістер, жұмыспен қамту, білім беру, экология, денсаулық, басқару тиімділігі, қоғамдық өмір, қауіпсіздік, өмір сүру жағдайларына қанағаттану, жұмыс уақыты мен демалыс арасындағы тепе-теңдік.

- Economist Intelligence Unit компаниясы елдерде өмірді субъективті бағалау бойынша зерттеу нәтижелерін елдердегі өмір сапасының объективті детерминанттарымен байланыстыратын әдіснамаға негізделген «өмір сапасының индексі» әзірледі. Индекс 9 параметрден тұрады (денсаулық пен материалдық игіліктен гендерлік теңдікке дейін).

- Human Development Index - Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) құрастыратын және БҰҰ-ның Адам дамуы туралы баяндамаларының арнайы сериясы шеңберінде пайдаланылатын әлемнің елдері мен өңірлеріндегі адам әлеуетін дамыту индексі халықтың өмір сүру сапасы индексі туралы мәліметтер береді. Адами әлеуетті дамыту индексі 1990 жылдан бастап БҰҰ сарапшылары өз жұмысында түрлі халықаралық ұйымдардың статистикалық деректерін пайдаланатын тәуелсіз халықаралық сарапшылар тобымен бірлесіп жыл сайын есептеледі. Ұйым сарапшылары «адамның дамуы» ұғымын келесідей түсіндіреді: «адамның дамуы - бұл адамдардың ұзақ, салауатты және шығармашылық өмір сүру еркіндігін кеңейту процесі, құндылыққа ие басқа мақсаттарды жүзеге асыру; планетада дамудың әділдігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге белсенді қатысуы». Адам дамуының индексі елдің денсаулық жағдайы, білім алу және оның азаматтарының нақты кірісі тұрғысынан жетістіктерін үш негізгі бағыт бойынша өлшейді:

1. Күтілетін өмір сүру ұзақтығының индексі: туу кезіндегі орташа өмір сүру ұзақтығының көрсеткішімен өлшенетін денсаулық және ұзақ өмір сүру деңгейі.

2. Білім индексі: мектеп жасындағы балалардың күтілетін орташа оқу ұзақтығымен және ересек тұрғындардың орташа оқу ұзақтығымен өлшенетін білімге қол жетімділігі деңгейі.

3. Жалпы ұлттық табыс индексі: сатып алу қабілетінің паритеті бойынша (СМТ) жан басына шаққандағы жалпы ұлттық табыс (ЖҰӨ) шамасымен өлшенетін лайықты өмір сүру деңгейі.

Өмір сүру сапасын өлшеудің үш негізгі тәсілі бар: біріншісі – объективті: өмір сапасы объективті жағдайлар мен адамдардың өмірлік процестерінің параметрлері арқылы анықталады; екінші – субъективті: яғни, бұл әлеуметтік сауалнамалар негізінде өмір сүру сапасын анықтауды білдіреді; және үшінші тәсілі – интегралды: ол объективті және субъективті критерийлерді теңестіруді қамтиды. Көптеген индекстер 1 немесе 3 тәсілдерді қолданады. Екінші тәсіл әлеуметтік сауалнамалармен айналысатын әртүрлі ұйымдарға тән. Осылайша, «өмір сапасы» ұғымы өте кең спектрде қолданылады, бірақ оның жалпы қабылданған формализацияланған құрылымы және индикаторлардың стандартты жиынтығы жоқ. Басым елдер мен өңірлердің даму деңгейімен тығыз байланысты, адамдардың қажеттіліктеріне, сондай-ақ анық ақпарат жинау мүмкіндігі мен көздеріне байланысты болады.

Сурет 1. Өмір сапасының халықаралық индекстерінің жалпы сипаттамасы

Индекс атауы	Бағалау жүргізетін организация	Өлшем	Индикаторлары	Рейтингтегі мемлекеттер саны	Көшбасшы мемлекет	ҚР орыны
1	2	3	4	5	6	7
Өмір сапасының индексі	International living	«Ең төмен күнкөріс деңгейі» және «экономика» қосалқы индекстерінің үлесі	1. ең төмен күнкөріс деңгейі 2. мәдениет 3. экономика 4. қоршаған орта 5. бостандық 6. денсаулық 7. инфрақұрылым 8. қауіпсіздік және тәуекел 9. климат	82	Дания	72
Өмір сапасының индексі	Economist Intelligence Unit	Сандық және субъективті көрсеткіштерді тең мәнді есепке алу	1. денсаулық 2. отбасылық өмір 3. қоғамдық өмір 4. материалдық әл-ауқат 5. саяси тұрақтылық және қауіпсіздік: 6. климат және география 7. жұмыс кепілдігі: 8. саяси бостандық	167	Норвегия	139

			9.гендерлік теңдік			
1	2	3	4	5	6	7
Өмір сапасын өлшеу индексі	ЭБДҰ	Параметрлерді интегралды бағалау	тұрғын үй жағдайлары, кірістер, жұмыспен қамту, білім беру, экология, денсаулық, басқару тиімділігі, қоғамдық өмір, қауіпсіздік, өмір сүру жағдайларына қанағаттану, жұмыс уақыты мен бос уақыт арасындағы тепе-теңдік деңгейі	34	Австралия	-
Адам әлеуетінің даму индексі	БҰҰ	Үш параметрлердің орташа геометриялық өлшемі	1.күтілетін өмір сүру ұзақтығының деңгейі 2.білім деңгейі 3.жалпы ұлттық табыс, лайықты өмір сүру деңгейі	187	Норвегия	50


Азия елдерінің көрсеткіштеріне тоқталатын болсақ, 29 мемлекеттің алдыңғы қатардағы үздік 3 мемлекеті: Оман, Жапония және Катар. Бұл тізімде Қазақстан Республикасы 23 орынды иеленеді.

Жоғарыда көрсетілген халықтың өмір сүру сапасы статистикасы мен сипаттамалары халықаралық ұйымдардың 2020 жылдың бірінші жарты жылдығы бойынша ресми статистикасына сүйене отырып жасалған.

Өмір сапасы индексін анықтауда қолданатын индикаторлар (*Сурет-1*) көрсеткіштері жоғарыда аталғандай мемлекеттің саясатында айқын көрініс табады. Аталған индикаторлардың сандық және сапалық сипаттамалары өмір сапасының индекс деңгейін нақтылауға мүмкіндік береді және сол көрсеткіштердің реттілігімен мемлекеттер халықаралық ұйымдардың тізімдеріне ілігеді (жайғастырылады).

Халықтың өмір сүру сапасының индексінің жоғарылауы – мемлекеттің әлеуметтік экономикалық прогресі ретінде танылады. Бірақ, экономикалық прогресс толық дәрежеде халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейінің жоғарылауына, яғни әлеуметтік прогреске әкелмейді.

Сурет 2. Халықаралық ұйымдардың өмір сапасы индексін анықтауда қолданатын индикаторлары



Табыс, жұмыспен қамту	
Тұрғын үй жағдайлары	
Денсаулық	
Білім	
Қоршаған орта сапасы	
Жеке қауіпсіздік	
Азаматтық белсенділік	
Жұмыс пен өмір балансы	
Инфрақұрылым мен қызмет көрсету	
Мобильділік	
Мәдениет және бос уақыт	

Елдің әлеуметтік экономикалық жағдайы халықтың жұмысбастылығы, еңбекпен қамту және оны реттеу жүйесіне тікелей байланысты. Халықтың жұмыспен қамтылуы немесе жұмысбастылығы – халықтың еңбекке жарамды бөлігінің табыс, жалақы, кіріс және кәсіпкерлік табыс беретін жұмыспен қамтылу көрсеткіші. Атап айтқанда, жұмысбастылықтың маңыздылығы – мемлекеттің экономикалық көрсеткішінде және ол халықтың ең басты байлығының мінездемесі болып табылуында. Еңбекпен қамту, яки жұмысбастылық, тек экономикалық құбылыс емес. Сонымен қатар, ол әлеуметтік құбылыс ретінде де сипатталады. Нақтылай тоқталатын болсақ, қоғамға пайдалы әрекет ету арқылы өзін-өзі қамтамасыздандыруымен адамдардың тек ғана табысты керек етушілігін емес, сонымен қоса, қоғамның дамуының белгілі бір әлеуметтік-экономикалық деңгейінде сұраулар мен сұраныстарға қанағаттану сатысын айқындайды. Жұмыспен қамту немесе жұмысбастылық өз кезегінде қоғамда еңбек нарығын қалыптастырушы болып табылады. Мемлекет еңбек нарығындағы экономикалық саясаттың мақсаты – ол халықтың (бұл жерде кәсіпкерлер, өндіріс және тұтынушылар) сұраныс пен ұсыныс механизмінің жұмыс жасауына кедергі келтіретін себептердің алдын алу, кедергі туындамауға жол жасау.

Өмір сүру деңгейі – оның сапасының бірінші компоненті болып табылады. Ол бірнеше жеке индекстерді қолдана отырып бағаланады. Олар: материалдық тұрмыс деңгейінің индексі; тұрғын үй жағдайларына қанағаттану индексі; медициналық қызмет көрсету индексі; білім алуға қолжетімділік индексі.

Әлеуметтік орта сапасы – өмір сапасының екінші компоненті халықтың өздері тұратын жердің тұрғындарымен жақындығы және олардың әртүрлі қауіп-қатерлерден қорғалуы туралы пікірлері негізінде есептеледі. Мониторинг және басқа зерттеулердің деректері көрсеткендей, қауіптің алғашқы орындары қылмыс, кедейлік, экологиялық қауіптер, жемқорлық болып табылады.

Өмір сүру сапасының индексі жоғарыда аталған индикаторлар негізінде есепке алынады. Сол индикаторлардың көрсеткіштері жоғары дәрежеде болғанда ғана халықтың өмір сүруін сапалы деп айтуға болады. Әрине, толықтай деңгейде индикаторлардың көрсеткіштерін жақсарту қиындықтар мен дау-дамайларды тудырады. Бірақ, халық пен мемлекет өмір сүру сапасын жақсарту бағытында бірлесе жұмыс жасайтын болса, жетістікке қол жеткізуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Дж. К. Галбрейт «Общество изобилия» Москва – 1968 г., 26стр.
2. <http://39.rospotrebnadzor.ru/content/o-ponyatii-kachestvo-zhizni>
3. О. Тоффлер «Новая постиндустриальная волна на Западе» Адаптивная корпорация под ред. В. Л. Иноземцева, Москва, Academia 1999 г., 36-38стр.
4. А. Г. Маслоу «Мотивация и личность» перевод с англ. СПб.: Евразия-1999г., 46стр.
5. А. Печчеи «Человеческие качества» пер. с англ. Москва, Прогресс- 1980г., 121стр.
6. Дж. Форрестер «Мировая динамика» 1971г.: перевод с англ. Наука – 1978г. 79стр.

7. Медоуз Д. Х., Медоуз Д. Л., Рандерс Й., Беренс В. Ш «Пределы роста» 1972г. Перевод с англ. 1991г. МГУ, 207с.
8. США глазами американских социологов: «социальные аспекты американского образа жизни» Москва Наука - 1982г. Т1. 258с.
9. А. Л. Васильев «Россия XXI веке. Качество жизни и стандартизация»; Москва РИА «Стандарты и качество» 2003г.
10. Мучкаева И., Чапайкина И., Новокрещенова Н. А.: статья «Оценка качества жизни с помощью международных индексов» 2-3стр., 7стр.